


ЕСКЕРТКІШТЕР
ЕПІНЕ САХАТ



ӨНЕР
БАСПАСЫ

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН
**ҚОЗЫ КӨРПЕШ-БАЯН СҰЛУ
КЕШЕНІ**



ЕСКЕРТКІШТЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

ҚОЗЫ КӨРПЕШ-БАЯН СҰЛУ
KEWEH!

АЛМАТЫ
«ӨНЕР»
1994

**ББК 82.3 Қаз.—6
М 22**

Редакторы — М. Жұмабалиев

Марғұлан Ә.

Қозы Қөрпеш — Баян сұлу кешені: Естияр балалар үшін.— Алматы: Өнер, 1994.—32 бет.

М 22 («Ескерткіштер еліне саяхат» сериясы).—

Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның бұл кітабы Қозы Қөрпеш — Баян сұлу кешенінің тарихынан, ел ішіндегі осы ес-керткіш жайындағы ақыз-әңгімелерден мол мағлұмат береді. Шығарма тарихымызға жаңаша қарап, тың пайымдаулар түр-ғысынан жазылған.

**М 4803250201—32 Жоспардан тыс.— 94
409[05]99**

ISBN 5-89840-619-0

ББК 82.3 Қаз.—6

© Марғұлан Ә. — 1994

Қазақ халқы ғасырлар бойы айтып келген бұл жыр сахарадағы мал өсіруші тайпалардың ең ескі дәуірде шығарған жарқын, сәулетті аңыз-әңгімесі. Бұл жайындағы дастандар әртүрлі тілде кездеседі, солардың ішінде әр дәуірде Қозы Көрпеш-Баян сұлу туралы айтылған орыс әдебиетінің үлгілері ерекше орын алады.

Бұл жазуларды зерттегендеге алдымен ескерер бір нәрсе, олардың аса көңіл қойып қызыға қарағаны — Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың баяғы заманнан келе жатқан зират-мұнарасы — сәулетті етіп жасаған биік көшені. Ескі қазақтар ондай құрылысты «дың», «діңгек», «кешени» деп атаған. Олар Қазақстанның көп жерінде әлі күнге дейін сақталып келеді.

Қозы Көрпеш—Баян сұлу күмбезі Аягөздің оң жақ жағасында, Таңсық деген ауылдың қарсысына салынған. Қозы Көрпеш—Баян сұлу аңызы бойынша, оны тұрғызыға Сарыбайдың інісі Тайлақ би Тобыл өзені бойынан Аягөзге төрт сан қол (40 мың кісі) жіберіп, ас бергізіп, ат шаптырып, той жасайды. Қозы Көрпеш—Баян сұлудың қүмбезін берік етіп тұрғызып, екеуінің кескін-келбетін тасқа түсіреді. Өсіресе Баян сұлудың өң-ажарын әдемілеп келтіреді (Радлов варианты).

Жанақ ақынның жырлауынша, елу мың кісіні бастап келген — Айбас. Олар үшін көш жерден (90 километр) тас тасып, Аягөздің биік белесіне күмбез орнатады. Ол

күмбез өлі тозған жоқ, оларды ұмыттырмай, артында белгі болып келеді.

Өлсе-дағы Қозыкем арманы жоқ,
Сурет болып бітіпті Аягөзге.

Халық аңызы бойынша Қозы Қөрпеш—Баян сұлу күмбезіне қалаған тасты басқа бір таудан әкелген. Тау мен Аягөз өзенінің екі арасына көптеген тайпалардың мыңдаған кісілері атпен тізбектеле шеп құрып, тасты бір қолдан бір қолға беріп, жеткізіп тұрган.

В. В. Радлов Қозы Қөрпеш—Баян сұлу мұнарасының қай заманда шыққанын түсінбеген; оғыз-қыпшақ дәүірінде «дың» салу әдеті болғанын білмеген, ол сөз бүгінге дейін қазақ пенен түрікпен тілінде сақталып келгенін айыра алмаған.

Қазақтармен қатар «дың», «денғлі», «деңглі тепе» түрікпенің көп жерінде кездеседі. Өсіресе Ниса, Нишман қалаларының түбінде, Анау мешітінің қасында олар әдемі сақталған. Өзінің орналасуы бойынша бұл көне кешендер не дәңгелек, не төрт бұрышты болып көрінеді. Қазақстандағы ең ескі дыңдармен салыстырғанда олар кейінрек жасалған, оғыздар Сыр бойынан ауып, Амударьяға барған кезден (XI ғ.) шыға бастаған. Олардың ескі түрі көбінесе тастан салынған (Нұр-атада), кейбіреулері балшықтан салынғандықтан төбесі бұзыла бастаған. Сыр бойында көп кездесетін «дың-қорғандар» ерте дәүірде тұрғызылған мұнаралардың бүгінге талып жеткен қалдықтары ғана.

В. В. Радловтың дың құрлысынан ешбір хабары болмай, Қозы Қөрпеш—Баян сұлу кешенін тұрғызыған қалмақтар болу керек деген жорамалын білеміз. Құрлысты қалмақтарға телуінің бір жері қадым заманда кешенмен бірге жасалған бір топ мұсін тасты ғалымның мұнарадан бөліп қарап, екеуінің арасында мың жылдық айырма бар деген пікірге сенуі. Бүгінгі жаңадан жүргізілген зерттеу үлкен ғалымның зор қате жібергенін көрсетеді. Қасына мұсін тастар қойып тұрғызыған дыңдар Ұлытауда, Көң

өзені бойында осы күнге дейін сақталып келеді. Оның үстіне В. Рубрук былай деген: «Команы (Кипчаки) строят для богачей пирамиды (дың), т. е. остроконечные дома, хотя камней там и не находятся».

Өте аянышты жері В. В. Радловтың бұл білмеген қате ойларын жаңа зерттеушілер пайдаланып, ғылымға бір талай қыындықтар келтірген.

Жырдағы ең жарқын айтылатын әдемі сурет Қозы Қөрпештің кешені мен оның ішінде тұрған төрт мұсін тас. Жырда олар туралы былай деген:

Суреті Аягөздің тасында тұр,

Қабыры екеуінің қасында тұр.

Аягөздегі бұл кешен мен оның ішінде тұрған мұсін тастар ислам дәүірінен көп бұрын жасалған өте ескі дәүірдің белгілері. Олардың шыққан кезі түрік қағанатының тұсы. Яғни VI—VIII ғасырлар шамасы. Мұсін тасты халық сол кезден ерекше қадірлекен, тастан қыып адамның суретін салу сол заманнан қалған. Кешендең төрт мұсін тас — «Қозы Қөрпеш—Баян сұлу» жырында айтылатын бейнелерді кескіндейді. Олардың үшеуі әйел, біреуі жас жігіт: халық аңызы оларды Қозы Қөрпеш, Баян сұлу және оның апалары Айтаңсық пен Айғызың суреттері деп айтады. Бір ғажайып жері, бұл аттар мұсін таста сақталып қоймай, жер аттарына қойылғанын да ескерген жөн. Сол жердегі тау — «Баян жүрек тауы» Аягөзге құятын екі өзен — Айтаңсық, Айғыз аталады. Бұлардың барлығын бір кездегі тарихта болған оқиғаны еске түсіріп, халық ортасына көп тараған терең сырларын сақтап келген, әдемі естеліктер деп түсіну керек.

Қозы Қөрпеш—Баян сұлу кешенінің көрген көзге етер әсері керемет. Өткен ғасырда-ақ Аягөз өзенінің бойын өрлеп өтетін жолаушылар: мейлі ғалым болсын, мейлі әскербасылар болсын, оған соқпай кетпеген, кешен оларды өзіне еріксіз тартып, ол туралы қазақ халқы айтатын аңыздарды жазып алғызуға түрткі болған үлкен әдебиет мұрасына айналады.

Жалпы айтқанда, қазақ халқының қария сөзіне ой бөлу XVIII ғасырдың ортасынан бері сабакталған. Бұл кез орыс халқымен даламыздың тығыз байланыста болған кезі. Қазақтың атақты билері, шешендөрі орыс халқының білгіш адамдарымен кездесіп, оларға қазақ халқының тарихын, шежіресін, дәстүр-салтын қозғап, көп мағлұмattар бере бастаған. Қазақ халқының шежіресіне, қария сөзіне көп ой бөлген ғалымдар В. Н. Татищев (1686—1750), Н. И. Новиков (1744—1818), Н. И. Карамзин (1766—1826). Қазақ халқының қария сөзін, эпос жырын бірінші рет жазып алуға үлес қосқан Г. И. Спасский, И. П. Шангин, Г. Ф. Генс. Ал Қозы—Көрпеш жырының қазақша ескі қолжазбасын бірінші рет (1825) тапқан — И. Беленицин.

Беленицин бұл жырды Петербургке жазып апарып, Сенатқа, білім орындарына көрсетеді, қай жерден тапқанын айтады. Бұл жағдай А. С. Пушкинге де таныс болады. Кейін Орынборға келген сапарында (1833) А. С. Пушкин қазақ халқының ауыз әдебиетіне айрықша көңіл бөліп, көптеген асыл мұралармен бірге Қозы Көрпеш жырын да жазып алады. Осының дәлелі: Пушкин қағаздары ішінде «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының бір нұсқасы сақталып қалған. Ұлы ақын 1812 жылы ол жырдың Уфада шыққан вариантымен де жақсы таныс болған. Қазақ жыршылары сүйіп айтатын Қозы Көрпеш—Баян сұлу дастанының кіршікіз махаббатты ардақтайтын үрдісі А. С. Пушкинге өте ұнаган. Қою жырдың қарасөздік мазмұнын А. С. Пушкинге алғаш жазып беруші адам — Орынбордың жас инженері К. А. Бух (1812—1895). Ол «Плюшар энциклопедиясына» мақала жазып, «Русская старина», «Вестник Европы», «Отечественные записки» журналдарына мақалаларымен жиі көрінетін белгілі автор болған. А. С. Пушкин Орынборға келгенде К. А. Бух онымен жақсы танысып, жиі қатынасып жүрген.

Қозы Көрпеш—Баян сұлу кешені туралы мәліметтер мен аңыздардың бізге келіп жеткен орыс тіліндегі бір-

неше нұсқалары бар. Кешенді алғаш жарыққа шығарған академик И. П. Фальк (1771 ж.). Сол кешенді дәл сол жылы саяхатшы Г. Волошин көріп, суретін салып, картасына түсіріп алады. Ол карта күні бұғынге дейін Шет елдер министрлігінің үлкен архивінде сақтаулы тұр. Г. Е. Катаевтың зерттеуінше, Волошин 1771 жылы Өскеменнен шығып, Балқашты жағалап өтіп, Іле өзенін бойлап Құлжаға барады. Осы жылы ол Жетісудағы атақты Қозы Қөрпеш—Баян сұлу кешенін, онда тұрған төрт мұсін тастың суретін қағаз бетіне түсіреді.

Қозы Қөрпеш—Баян сұлу кешенін ең алғаш рет жанжақты зерттеп, ол туралы халық аузында сақталып келген аңыздарды толықтырып жазып алған ғалымдар: П. С. Паллас, И. Г. Андреев, А. И. Левшин.

XIX ғасырдың ішінде бұл кешенге деген орыс ғалымдарының ықыласы артпаса, кеміген емес. Оттызыншы жылдары астроном В. Федоров, қырқыншы жылдары А. И. Шренк, елгүнші жылдары Н. А. Абрамовтар келіп көріп, ел аузындағы аңыздарды жинап әкетеді.

Қозы Қөрпеш—Баян сұлу кешенін, онда тұрған мұсін тастарды тереңірек зерттеген ғалым — Шоқан Уәлиханов. Ол осынау қадірлі жәдігердің көруге бірнеше рет арнайы келген. Ғалымның бақылауында, «Қазақстан жерінде сақталған архитектура белгілерінің ең ескі пирамида-мұнара, дың түрінде кездеседі. Дыңды әдетте даладағы таспен өріп тұрғызады. Жерден жоғары тік көтерілген мұнараның астыңғы іргесі төрт бұрышты тұрде тұрғызылып, үсті сүйірленіп күмбезденеді. Мұндай дың құрылысын П. С. Паллас Торғай өлкесінде Тоғызақ өзенінің бойынан кездестірген. Енді бірі Жетісуга, Ақсу өзенінің бас жағындағы Ордабайдың кешені. Оның ішінде де тік тұрғызған мұсін тас бар. Оның сырт нобайы Қозы Қөрпеш—Баян сұлу кешенімен бірдей». Шоқан бұл діңгекті көру үшін оған әдейі іздел барады.

Шоқанның ең алғаш көрүінше «екі ғашыққа арнап салынған атақты белгі осы күнге дейін Аяғөз өзенінің он

жағасында. Қызыл қия бекетінен 10 шақырым төменірек, Семейден Қапалға баратын жолдан біржарым шақырымдай әрірек тұрады. Күмбезді таспен қалап, арасына балшық құйып отырған. Биiktігі 7 құлаштайды. Астын төрт бұрышты қырлап көтеріп, үстін пирамида сияқтандырып, ішінде еңсесі бар күмбез етіп жасаған. Үйдің ішкі қабырғасында тастан дөңгелете жасаған кісі отыратын орындықтар бар. Есігі оңтүстік-шығысқа қараған жоғарғы жиегінде терезе сияқты тесіктері көрінеді... Күмбездің іргесінде төрт мұсін тас тұр, олардың үшеуін алқамен әшекейлекен. Біреуі өзгесінен көп биік, бірақ басы жоқ, бір қара надан қағып түсірген. Ойға жүйрік бір қазақтың айтуынша бұл — басын шайтан қағып түсірген Қодар болу керек». Бірақ Қодардың мұсін тасы өз қабырының басында тұр».

1856 жылы Шоқан Ұстық көлге саяхатқа бара жатып Қозы Қөрпеш кешенін әдемілеп суретке салмақшы болады. Ол туралы өзінің күнделік дәптөрінде былай деп жазған:

«Мен Аягөзді сондай сүйемін, сондай қадірлеймін, оған сұлу Баянның алтын шашты Қозы Қөрпешке ғашық болған аңызы әсер ететін болу керек, олардың маҳабат жолындағы әрекеті осы өзеннің бойында өткен».

Шоқан кешенге қарай беттеп, Аягөзден шыққан тұні жаңбыр құйып кетеді. Қездейсоқ кедергі Шоқанның да, оның ат айдаушысының да тынысын құртып, жүдете бастайды.

— Жаңбырдың ойлаған ойды іске асыруға бөгет болатын түрі бар. Есіл Баянның елесін қағазға түсіре алмай кетуім өте аянышты,— дейді Шоқан.

Кешенниң қасына келгендे де жаңбыр басылмайды. Құйменің терезесінен өзеннің ағы бетінде көп теректің ортасынан кешенниң ұзын мұнарасы көкке шанышылып, қызыл кірпіштен жасалғандай қызарып көрінеді.

Жаңбыр астындағы халқының антикасын (ескі өнерін) қағаз бетіне түсіре алмайтынына Шоқан қатты қиналады.

Оның үстінен су тасып, ар жаққа өтуге мүмкіндік болмайды.

— Қайтеміз. Бөгелмей жүре бер. Қайтарда тағы соғармыз, — дейді Шоқан айдаушыға. Қайтарында Шоқан мұсін тастарын тегісімен суретке салып алады. Ал кешенің суреті архивінде сақталмаған, жсғалып кеткен. Қозы Көрпешті зерттеуге Шоқанның жоғарыда келтірген айшықты ойлары жарқын қазынаның бірі болып көрініне сез жоқ.

Шоқанмен қатар Қозы Көрпеш кешенімен XIX ғасырын, орта кезінде көп айналысқан ғалымның бірі — П. П. Семенов—Тянь-Шанский. Ол кісі өзінің жол дәптеріне: «Кішкене Аягөз бекетіне таяу жерде қазақ аңызында айтылатын Қозы Көрпеш мұнарасын көрдім. Бір аянышты һәрсе — оның ұшар басын біреу зенбірекпен атып түсірген. Ондай вандализм (бұзақылық) кімге керек болды еken. Мен түсіне алмадым», — деп жазады. Ғалымның зеттеуінше мұнараны жалпақ порфир тауының үстінен түрғызған. Түрі мұнара (башня) іспеттес.

Ғалымның суреттеуінше, «Қозы Көрпеш кешені қазақ даласына атағы кең тараған қасиетті мекеннің бірі, қазақтар оның басына табынуға келіп жүреді. Бұл кешенмен тығыз байланысатын әйгілі поэзиялық аңызы бар. Олардың геройлары — Қозы Көрпеш пен оның сүйген жары — Баян сұлу. Қозы Көрпешті оның бәсекелес бақталасы атып өлтіргендеге, Баян сұлу сүйгеніне деген құсадан бірге өледі». Петр Петровичтің бір қателескен жері, ол да Радлов сияқты кешен мен мұсін тастың, арасындағы байланысты байқамауы. Кейінгі ғалымдардың байқауынша, кешенің қай кезде салынғанын қазақтар ұмытқан, тек аңыз-дастаның ғана сақтал келген.

Бұл кешенің құрылыш үлгісін қысқа түрде жазып алып, айтулы оқиғасын келтіріп отыратын ғалымдардан басқа бірнеше офицердің жазбалары сақталған. Олардың ішінде аса көңіл қойғандары М. Путинцев (1863), А. К. Гейне, П. Галицкий тағы басқалары.

М. Гутинцев өзінің дәптеріне былай деп жазған: «Біз, Шебалин екеуімізді, Омбықдан Верныйға командиров-каға жіберген еді. Жолшыбай «Қозы Қөрпеш—Баян сұлу кешені» деп аталатын қазақтың тамын көрдік. Оның ішінде жатқан адамдардың біреуі қыз да, біреуі жас жігіт— олар қазақ даласына көп тараған атақты поэмандың ге-ройлары. Бұл кешенді білмейтін қазақ сирек кездеседі. Сағынышты ойға батқан мұнды кезінде бірін бірі сүйген екі ғашықты есіне түсіріп, көзінен жасын тәгіп, жырлап отырады. Махаббат үшін жанын қиған ару қыздың ерлігін суреттеп, сүйгенінен айрылып қалған сағынышты өмірін құрбандаққа шалғанын жырлайды». «Қозы Қөрпеш» сю-жетін М. Гутинцев Аягөз бойында 1863 жылы жазып алған. Бірақ жырдың мазмұнын түсінбей кеп қателіктер жіберген. Оның жазуынша жас жігіттің аты — Баян сұлу, ал сұлұлығымен дүние жүзін тамсантқан ару қызы — Қозы Қөрпеш.

Қозы Қөрпеш—Баян сұлу кешенін түбегейлі зертте-ген ғалымдар: Г. Н. Потанин, Н. Н. Пантусов, С. Барапов, Н. Н. Балкашин, И. А. Кастанье, П. П. Румянцев, В. И. Ма-сальский.

Көніл қсюға тұрарлық құнды еңбектің бірі — С. Ба-раповтың зерттеуі. Бұл кісі кешенді бірнеше күн тексе-ріп, алдымен оның сәулетті бейнесінің суретін салады. Қасында тұрған мұсін тастарды фотога түсіреді. Халық анызын жазып алады. Зерттеушінің ойынша, бұл аныз көбінесе Семей облысында кеп тараған. Барапов жаз-Басының қысқаша мазмұны төмендегідей: «Аягөз, Тар-багатай, Алакөл, Алатау, Балқаш тәңірегінде туысқан екі кісі мекен етіп жүреді. Оларды Қарабай мен Сарыбай деп атауши еді. Екеуді ұлы мен қызын бала күнінен атас-тырып қойса керек. Бірақ әлдекім ел ішіне «бұл екі бала қосылса, ғанаңтысыз болады» дейтін сөз таратып жібереді. Қарабай осыған сеніп, жайлайудан Аягөзге көшіп кетеді. Сарыбайдың ағасы Ажыбайдың «серттескен антымызды берік ұстайық, адал көнілді ейнітпайық» дегеніне Қара-

бай көнбейді. Көп уақыт Баянауыл тауын жайлап отырады. Сол арада Баян сұлуды көргөре жан-жақтан серілер жиналады. Қодарқұл олардан Баянды қызғанып, өзінің құдық қазған енбегін айтып, қызыға қолқа салады. Еріксіз алмақ болған Қодарға Баян үш түрлі қыын жұмыс тапсырады: а) малдың есебін ал, б) сусыз жерден көп терең құдық қаз, в) Таңсықтың күмбезінің қасына Аягөздің сүйн келтіріп үлкен көл жаса,— дейді. Қодар бұның бәрін істейді. Бұл кезде Баян сұлуды іздел Қозы Қөрпеш елінен шығады. Жол-жөнекей талай қыныңдықтарды көреді. Баянауылға келсе Қарабай көшіп кетіпти. Ессіз жұртта киіктің етін қақтап жеп отырған бір қарияға жолығады. Ол Қозының жолын тосып отырған Ажыбай қария екен. Қозыға жөн сілтейді.

Қозы Қарабайдың аулына келіп, малын бағып жүре береді. Ендігі ойы өзінің кім екенін Баян сұлуға айтып жеткізу. Бір күні Қодар жоқта киіз үйдің есігінің алдында отырып, күй тартып, ән салады. Өлеңіне Баян сұлу мен Қозықені жас күнінен атастырып қойған тарихын арқау етеді. Сөз арасында анда-санда: «Жақында досы келеді, қабылдар ма екен қалыңдық»,— деп қайталап отырады. Баян турасынан: «Қабылдаймын»,— дейді. Бір күні Қозының жарқыраған алтын шашын Баян көріп қалып, оның Қозы екенін таниды. Содан кейін күймеде бірге жатып жүреді. Соңғы сарындары өзге нұсқаларда айтылатын мстивтермен бірдей.

Қозы Қөрпеш мұнарасы туралы халық аңызының көбірек жиындары — түрколог Н. Н. Пантусов. Әр кезде тапқан жеңа ой, жаңа деректерді ғалым сол кезде жергілікті орында шығатын газеттер мен журналға жарияладап, кейде жеке кітап түрінде шығарып отырған.

Қозы Қөрпеш—Баян сұлу мұнарасын, оның сюжет құрылышын көп бойы қызыға зерттеген аяулы ғалымдардың бірі — Г. Н. Потанин.

Қозы Қөрпеш—Баян сұлу жырының жаңадан жинау үшін, оның мұнарасын жақсылап зерттеу үшін Г. Н. По-

Танин көп ғалымдармен, қазақ ақындарымен, шежіре айтушылармен тығыз байланысып отырады. Осының нәтижесінде оның қолына Қозы Көрпеш—Баян сұлудың бірнеше варианты түседі. Оларды жіберген атақты Абай ақын (1884 ж.), Е. А. Александров, К. В. Урасов тағы басқалар. А. Н. Седельниковтың Г. Н. Потанинға жазған хатында: «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» ақызын жиу туралы бүгін Атбасарға хат жазып жібердім»,— дедінген.

Г. Н. Потанинің Қозы Көрпеш—Баян сұлу жырын жаңадан жинау керек деген пікіріне жауап жазған А. Н. Белослюдов былай дейді: «Сіздің Қозы Көрпеш туралы жазған хатыңызға көп ой бөлдім, ол туралы әрбір ауданға хат жазып сұратып жатырмын, іске асатын түрі бар. Бұл ақыздың варианты неғұрлым көп болса, соғұрлым маңызы аса бермекші. Экспедицияға шығып бара жатырмын. Қозы Көрпеш жырын Балқаш төңірегінен, оның мұнарасы тұрған Аягөз бойындағы қазақтар ортасынан жиып алсан деймін... Семейге таяу жерде оның жаңа варианты табыла қоймады, бәрі Катанаевтың вариантына ұксас. Қозы Көрпештің кешеніне екі рет бардым, онда мұсін тастар бүтіндей жоқ. Кешенің бір жақ бүйірін ертиллериست нысанағып атқан, ол қазір бұзыла бастаған. Мархұм ағамның (Виктор Николаевич) маған айтуынша, Қозы Көрпештің екі мұсін тасын Германияға алғып кеткен». Виктор Николаевич Белослюдов Қозы Көрпештің өліп жатқанын бейнелейтін суретін жасау үшін көп мәлімет жинаған адам.

Қозы Көрпештің жырын, басына қойған мұнарасын тексерумен бірге Г. Н. Потанин оның жүріп өтетін жолына да көп мән берген. Бұл жол — Қарабайдың Аягөзден

Виктор Николаевич Белослюдов бұл суретті қарындашпен туғырған. Өліп жатқан Қозының қасында жылап отырған Баян мен Айбас екеуі. Қозының үстінде әдемі жап, безелгендікісі. Бұл суретті бізге ұстаз болған Н. Н. Белослюдов маған сыйға тартыған еді, қазір мениң архивімде. Ә. М.

Арқаға, одан әрі Есіл, Тобыл өзеніне дейін көшіп барып қайтатын жолы. Әрбір вариантта жолығатын жер аттары: Аягөз Жауыр, Мензек, Тоқырауын, Жәмші, Алтынсандық, Қарқаралы, Баян ауыл, Қарағөткел (Есіл бойы), Домбыралы, Моншақты, Түмен.

Қозы Қөрпеш жазды күні жайлауда әрбір ескі вариант бойынша өтө теріскеиде, Түменнен әрі, Мұз теңізіне таяу жерде отыратын болған. Дербісалын вариантында (1834 ж.) былай айтылады:

Бір су бар ұзын аққан теріс түстікте,
Табарсың тап ол жерден Қозы Қөрпешті.

Демек, бұл — ұзын аққан Ертістің Обь өзеніне құйылатын жерлері. Айбас Баян сұлуға барып, еліне қайтқанда, Аягөзден Арқаның барлық жерін оңтүстіктен теріскеиге қарай арапап өтеді. Жолында Жауыр, Жамшы, шақты, Есіл өзенінен төмен ағып, Түменге келеді, содан Қарқаралы, Баянауыл, Нұра қалады. Домбыралы, Монкейін Мұз тауында отырған үйіне жетеді.

Айбас құл ат тізгінін бір тартып ап,
Мұз тауында отырған үйге барған.
(Радлов варианты).

Баян Қозы Қөрпешке арнап Айбастан әртүрлі сәлемдемелер жіберіп отырады, оның ішінде Алтынсандық (Жәмші өзеніне таяу жердің аты), Қарқара (бас киім), Домбыра, Моншақ (Моншақты) бар. Жырдың әрбір вариантында Айбас ол дүниелерді Қозыкеге жеткізе алмай, жолшыбай жоғалтып отырады. Міне, осы мотивті Г. Н. Потанин «Айбастың іздері» деп атаған. Жырда былай делінген:

Айбас құл адасқанын енді аңғарды,
Фарып жанын қыз үшін отқа салды.
Баян туған жерінде демін алып,
Баянаула деген тау содан қалды.
Жәмшіде ақ жамшысы түсіп қалды,
Домбырасы, моншағы бірге қалды.

Айбас құл адасқанын енді біліп,
Есіл-Нұра бойына қайта оралды.
(Шөже, 1864 ж.).

Қозы Көрпеш—Баян сұлу жырының әр варианты бойынша Қарабай жазда Аягөзден солтүстікке, Түменге қарай көшсе, Сарыбай да Сыр бойынан Арқаға өрлейтін. Екеуі солтүстіктегі жайлауда жүріп дос болады, ол жақта бұғы өте көп, екеуі аңға шығып, бұғы атып, қызық көреді. Аңыздың айтуынша, Сарыбайдың арғы атасы түркпен еді дейді. Бұл әфсене ескі дәүірде Сыр бойын қоныстаған не оғыз, не қыпшақтарды еске түсіреді. VI—X ғасырларда оғыз бен қыпшақтардың қыс Сыр бойын қоныстап, жаз Сары Арқаға жайлауға шығатының Жувейни, Рашид-ед-дин, Абулғазы әдемілеп суреттеген. Демек, онтүстік пен солтүстік арасында көшіп жүру тәртібі ту ескі дәүірден келе жатқан дағды. Қысты құні жылы жақты қоныстап, жаз шыға солтүстікке, салқын жайлауға көшіп барып отыру салты ескі сақтарда, ғұндарда, үйсін, қаңылдарда болған. Осының айғақ бір көрінісі және заманның қызық әңгімесі «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» аңызында тамаша сақталған.

Бұл жырдың В. В. Радлов жазып алған варианты бойынша, Қарабай жазғытырым Аягөзден шығып, алдымен Жорға, Жауыр, Шұбарайғыр тауларына келіп қоныстайды. (Бұл жерлердің аттары Шұбартай ауданында осы күнге дейін сақталған). Шұбарайғырдан шығып Қарабай қазіргі Ақтогай ауданындағы Қазанғап өзеніне сәл дамылдал, одан тоқырауын, Жәмші өзендеріне келіп, малын семіртеді. Ендігі беталысы — Орманбет-Атбасар төңірегіндегі Есіл өзені. Одан әрі Домбыралы, Моншақты тауларын басып өтіп, Түменге, Мұз теңізінің жағасына жетіп жығылады. Жырда бұл сурет өте жарқын түрде айтылған:

Орманбеттен аттанған он сан ногай
Біреуінің ақылы он сан қолдай.

**Мұз тауына екі хан келді көшіп,
Байлығы шыққан екен талай-талай.**

Енді Мұхтар Әуезов жариялаған Жанақ ақын вариантындағы көш сілеміне көз жіберейік. Қарабай Аягөзден шығып, тағы да Жорға, Шұбарағыр тауына келеді, одан Мейзекке өтеді. (Абралы ауданы, Жанақтың туған жері), одан Токтауын, Жәмшіні біраz қоныстап, бетін Алтынсандыққа бұрады (Ақшатау төңірегі), Қарқаралы, Баян ауыл, Шідертіні басып, Қараөткелге (Есіл бойына) еру жасайды. Тағы үдерे жол тартқан көш Домбыралы, Моншақтыны басып, Тұменге, Мұз тәңізіне жетеді де, осы араны жайлап қайтады.

Осы вариант бойынша, Тобыл өзөні бойында шалқып жатқан ұлы жайлау Балталы деп атаған. Демек, ағаштан қызылып салынатын жазғы әдемі үй үшін ылғи балтамен жұру әдет болған. Жырда ол туралы:

Тоқтамай, күн-түн қатып ұдай көшіп,
Екі бай Балталыға бірдей келді,—

Бұл Балталы—Мұз тәңізіне таяу тұрған салқын жайлаудың бірі. Қарабай осы Балталыны қалдырып, Аягөзге көше қашып жөнелгенде, екі қыз ол жермен қоштасып, жөргекте жетіл қалған Қозыкені есіне түсіріп: «Балталы, бағаналы ел, аман бол»,— деп зар төгеді.

Халық зпосында Мұз тәңізінің маңайы — қыпшақтардың жаз бойы отыратын жайлауы. Екі қыз бұны әдемі суреттеген. Қыпшақтың бұл жайлауы, әсіресе олардың етақты «Ақ Көбек» жырында жақсы айттылған. Алып ер Ақ Көбек жаумен алыспайды, оның алысатыны бір ғана тәңіздің мұзы, табиғаттың аяусыз күші. Ол мұз аршып, малға жайылым, өріс іздеумен болады.

* * *

Жырда айттылатын киелі мотивтің бірі — «Шоқ терек». Ол — Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың қызық көріп, ғашықтық өмірін қосқан, махаббат туын тігіп, екі жүректің біріккен жері. Қозы Көрпеш әфсенесінде қазақтар бұл

Шоқтеректі сондай сөулетті етіп, шалқыта айтып берген. Халық аңызы бойынша ол Шоқтерек кейінгі заманға дейін сақталып келген тәрізді. Шоқтерек Қозы Қөрпеш—Баян сұлу мұнарасының солтүстік батыс жағында 8 шақырымдай жерде тұрса керек. В. В. Радлов жазып алған вариант бойынша бұл Шоқтерекке Айбас талай рет келген. Баян сұлу екеудің еліп жатқан Қозықені құшақтап терең түбінде Тайлақ би бастаған көп ел Арқадан Аягөзге келіп, мұнараны тұрғызғанша отырған деседі. Халықтың көрия сезі Айбас пен Айғыздың кешені де осы Шоқтеректің қасында болғанынан мәлімет береді. Бір таң қаларлық нәрсе, Шоқтеректің тұрған жерін өткен ғасырдағы қазақтар жақсы біліп, оны жерді картага түсіріп жүрген топографтарға айтып берген. Осының нәтижесінде 1909 жылдың шыққан Батыс Сібірдің масштабы он шақырымдық картасына «Чоктерек» деген атап кірген. Бұл картада Қозы Қөрпештің белгісі екі жерде көрсетілген, бірі — Аягөз басында тұрғаң биік мұнарасы, екіншісі — сол өзеннің төменгі сағасындағы Қозы Қөрпештің ағасының тамы «могила Қозы Қорпеша ақалы» (ағасы), демек, Айбастың бейіті. Айғыздың кешені де осы арада болған.

* * *

Қозы Қөрпеш—Баян сұлу жырын орысшаға ең алғаш көркем тілмен аударған Георгий Николаевич Тверитин. Ол қазақ тілін бала кезінен үйрене бастаған. Оның туып өскен жері бүгінгі Көкшетау облысы, Щучье станциясы. Бес жасында оның үйі Ақмола облысына, Вознесенге көшіп келеді. Бұл арада Георгий қазақ балалары оқытын мектепке түсіп, қазақшаны судай біліп алады. Оған өте жақын дос болған ағайынды екі бала Жамақаевтар Георгиймен қазақша сөйлесіп, көп жәрдемін тигізген: Тобыл семинариясында Тверитин әдебиетке қатты қызығып, өз өмірін әңгіме етіп жаза бастайды. Кейін Ленинградқа барып оқығанда ақындық шабыты оянады. 1913 жылы

ақын қазақтың эпос жырын орыс тіліне аударуды құлшына қолға алады. «Менің, — дейді ақын, — аса сүйеттінім — қазақ ортасына қөп тараған «Қозы Қөрпеш—Баян сұлу» жыры. Осыны өлеңмен айтып берсем деген талабым бар. Өйткені бұл өзінің тарихи негізін өте әдемі сақтаған көркем ақыздың аса бір ғажайып түрі». Немерес апасы Т. М. Фарафонтова Тверитинге көптеген қазақ материалдарын жинап береді. Алғашқы қолжазбасының кіріспе сезінде ақын былай деген: «Қозы Қөрпеш Баян сұлу» қазақ халқының толқынды күймен жырлайтын махабbat жыры. Тілі тәтті құйылма ақындар оны кең даланың түпкір-түпкіріне жеткізіп, асқан жыршылар оны ғажайып көркем бейнеге айналдырған».

Георгий Николаевич жырдың әртүрлі нұсқасын іздейді. Аягездегі Қозы Қөрпеш—Баян сұлудың мұнарасын көріп, оны суреттеп жазады.

Қозы Қөрпеш—Баян сұлу жырын аударуға кіріскен орыс ақынының пайдаланған деректері: Шоқаннның жазулары, Нұғайбай ақынның шығармасы (Тарбағатай), И. В. Аничковтың, А. Н. Харузинның зерттеулері Ақмола облыстық газетінде басылып шыққан. Қозы Қөрпеш—Баян сұлу туралы халық ақызы, «Қозы Қөрпештің» Жанақ айтқан варианты. Бұл варианты ол не Аягезден, не Шыңғыстаудан, не Г. Н. Потаниннен алған сияқты. Т. М. Фарафонтованың естелігі бойынша, Қозы Қөрпеш—Баян сұлу жырын әдемілеп айтып берген Жанаққа Құнанбай мен Солтыбай жақсы ат мінгізіп, жібек шапан жапқан.

Г. Тверитиннің жырды орысшаға аударуға кіріскенін естіген Г. Н. Потанин оған зор қуаныш білдіріп, жас ақынға көмек көрсетуді өзіне міндет етіп қояды. Бұл жағдай Г. Н. Потанин мен Т. М. Фарафонтованың жазысқан көп хаттарынан мәлім.

Осыларды негізге алып отырған Г. Тверитин 1913 жылы Қозы Қөрпеш—Баян сұлу жырының бірінші вариантын

өлеңмен жазып шығады. Бірақ аударма баспада жарық көрмейді. Бұл варианты Т. М. Фарафонтова 1940 жылы ЦГАЛИ архивіне тапсырған. Жырдың негізгі нұсқасы Жанақ айтқан вариант, ең толық, ең көркем түрі. Оның мазмұны: ақынның кіріспе сөзі, екі байдың аңда жүріп антасуы (песнь о клятве), Сарыбайдың толғауы (песнь Сарыбая), тағдырдың толғауы не Сарыбайдың тағдыры (песнь о судьбе), қарт бақсының толғауы (песнь старого бахсы), Қодарқұл (песнь о Кодаркуле), Баян туралы жыр (песнь о Баяне), Қозыке туралы жыр (песнь о Козыке), махаббат туралы жыр (песнь о любви), Тазшаның жырлары (песни Тазша), Баянның жыры (песня Баян), күндестік туралы жыр (песня ревности), Қозы Қөрпештің өлімі, кек алу жыры (песнь о мщении), жоқтау жыры (песнь плача), Баян сұлудың бірге өлуі (песнь о смерти Баян сұлу), Айбастың жыры (песнь джигита). Барлығы 183 бет, кейбір жерлерінде қазақтың рухани тіршілігін өз ойынан қосып стырады. Бірінші варианты толық бітіп болған соң, оның машинкаға басқан нұсқаларын Г. Н. Потанинге, В. В. Вересаевке, В. А. Львов-Рогачевке сыннауға жіберіп отырған.

Г. Н. Потанин 1914 жылы бірінші январьда, Т. М. Фарафонтovага жазған хатында былай деген: «Рукопись Вашего племянника я передал двум своим друзьям с просьбой прочитать и сказать свое мнение. Через пять дней поеду в Омск, чтобы прочитать доклад в отделе географического общества. Там покажу неделю. Вернувшись и сам прочитаю киргизскую поэму и сообщу Вам о своем впечатлении» (Гос. Литер. музей на Б. Якиманке, архив Г. Н. Потанина, ф. 151).

Революциядан бұрын Г. Н. Тверитин Қозы Қөрпеш—Баян сұлу аудармасын жарыққа шығара алмады. Ол тек совет дәүірінде, 1927 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келді. Сған алғы сөз жазушы сол кездегі халық ағарту комиссары С. Сәдуақасов, оған жарқын сөздер

айтып рецензия жазушы Г. Вяткин. Екі рет Ілияс Жансұ-
гировтың алғы сөзімен Алматыда, бір рет Москвада шық-
ты (1949 ж.).

* * *

Ғасырлар бойы жарқын түрде жырланып келе жатқан Қозы Көрпеш—Баян сұлу жыры ең ескі ақыздардың бірі. Ол тым кене замандағы түркі-монгол тайпаларының арасында көп тараған бір ғажайып оқиғаның сюжеті. Бұл ақыздың ең ескі заманда (б. з. III ғасыр бұрын) дүниеге келіп, содан жырға айналғанын дәлелдейтін нәрсе — алтыннан құйылған белбеудегі әдемі эпикалық сюжет. Онда көркем түрде «Шоқ терек» бейнеленген, оның түбіндегі екі жағын махабbat елестері сақталған. «Шоқ теректі» суреттеген бұл алтын бейне XVIII ғасырда Ертістің құншығыс жағында жатқан байтақ даладан, Алтай тауының ішіне таяу жерден табылған. Ол бейне бүгінде Эрмитажда сақтаулы түр. Галымдардың зерттеуі бойынша бұл эпикалы алтын бейне біздің заманымыздан III—IV ғасыр бұрын жасалған. Ол суретті ескі жазуларда «көшпелі елдің дем алтын ағаш тубі» деп атаған. Қазақ пен алтай тілдеріндә «Шоқ (чо) терек» дейді. Шоқ теректің түбінде отырған жігіт пен қыздың суреті белбеуді көркемдеу үшін жасалған әдемі алтын ілгектің бетіне түсірліген. Ілгек қос қанталдан, оң жақ, сол жақ болып біріне бірі өте үқсас бол жасалған. Екеуіндегі сурет те бірінен бірі аумайды. Суреттің негізгі фоны жапырақ жайған шоқ терек. Оның түбінде бір жас әйел мен бір сақа кісі отыр. Әліп жатқан алып ердің басы жас әйелдің тізесінде, бөксесі сақа кісінің алдында жатыр. Еркектің қолында екі аттың тізгіні бар. Ту сыртында ағашта ілулі түрған елген ердің садағы, корамсақтан толы жебенің қауырсын басы көрініп түр. Еркектің басында қазақша елтірі бөрік, белінде кәмар белбеу, мұртының қос қияғы тас мүсіндегі мұрттар сияқты екі жағына созыла түскен. Әйелдің басында ерте замандағы тे-

бесі шошайған биік қарқара, үстінде кебенек, бір қолымен өліп жатқан ердің басын жайлап сипап отыр. Әйелдің басындағы қарқарасы Пазырықтан табылған қарқараға өте ұқсас.

Аттың басындағы жүгендері өте сыйпайы, үзенгісіз ертоқымы ғалымдардың бақылауынша Пазырық қазынасынан шыққан ер-тоқымға өте ұқсас. Ердің үстінде былғарыдан жасалған әдемі көпшік, алдында өмілдірік, артында құйысқан. Жүгеннің әсем тізгіні мен шылбыры да анық байқалады.

Бұл Шоқ теректі суреттеген алтын ілгектің Пазырық дәүірімен (V—III) замандас болуы өте қызықты. Ол сол дәүірдегі тарихи-мәдени белгілерді еске түсіретін бір сирек жолығатын шындық.

Мұның ең таң қаларлық жері — сюжетінің тереңдігі. Ол ерте дәүірдегі көшпелі тайпалардың түрмисынан алынған, эпикалы геройларды суреттеуінде. Сақ, ғұн, үйсін дәүірінде Шоқ терек эпикалы поэма шығарудың бір негізгі орны, оқиғаның молынан туатын жері, халық ойында ерекше орын алған, сүюндің, маҳаббаттың, шарықтар бесігі. Шоқ терек алып ердің күш жиып, шынығатын жері, өзімен бірге атының да тынығатын жері. Алып ер Шоқ теректің түбінде көп күндер үйқыға батып, ғажайып түс көретін мекені, өзінің сүйген жары — қалыңдығымен кездесіп, көп қызыққа бататын мекені. Жау қолынан өлген ерді жұрт ақында әрқашан Шоқ теректің түбінен табады, өлген ерді қалыңдығы Шоқ теректің түбінде отырып тірілтеді.

Шоқ теректі бейнелеген белбеудегі сурет көне тарихтың өлмес күөгері. Себебі бұл ескі дәүірде жасалған алтыннан құйылған Шоқ теректің, онда отырған адамдардың, оның әрбір көрінісінің сюжет мотивтері қазақ халқы мен Алтай елі айтатын эпос жырында осы күнге дейін сақталып келген. Ол әсіресе ең ескі дәүірден келе жатқан «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырынан Алтай елі жыр-

Ләп көлгөн «Қозыке мен Баян», «Қозын Эркеш» дастандарынан әдемі көрінеді.

Ең ескі дәүірдегі әлеуметтік мотивтің көне түрі эпикалы геройлардың өлім үйқысында жатып, ұзақ үйықтауы. Қазақтың Қобланды батыры аңыз-ертеғіде тоғыз ай теректің түбінде оянбастан үйықтайды, Алтай елі айтатын Ақ-тойшы бірнеше жыл теректің түбінде үйықтап жатады. Сондай-ақ Қозы Қөрпеш Шоқ теректің түбінде қатты үйықтап жатқанда, Қодар келіп атып кетеді. Баянның сөзі:

Бір пәледен құтылышп қаша алмадың,
Қара басып үйқыңды аша алмадың.
Ояу болсан, ол итке қылар едің,
Үйықтап жатып Қодарды ата алмадың.

Белбеудегі алтын бейнеде көрсетілген атақты сюжеттің мотиві қазақтар жырлайтын «Қозы Қөрпеш—Баян сұлу» жырында тұра сол қалпында сақталған. Шоқ теректің түбінде өліп жатқан Қозыкеге Баян сұлу мен ағасы Айбас келіп, екеуі оны көп заман әлдилеп отырады, екеуі де мұнды қайғыда болады. Жыр:

Келді ғой Шоқ терекке Баян бақыр,
Болады сол арада заман ақыр.
Зар жыламай не қылсын сорлы Баян?
Қозыке арыстандай болып жатыр.

Бір жағынан Айбас келіп бірге аяласады, бірге күніренеді.

Баян жары қасына барды дейді,
Басын бұрып мойнына салды дейді.
Қодар құлды өлтіріп, кегін алып,
Алған жарын құшақтап жоқтайды енді.
Жатырмысың, баурым, жер бауырлап,
Қарға жұнді қамыс оқ, соны ауырлап,
Шыбын жаның бар болса түре келші.
Баян келді қасына құстай зырлап.

Баян сұлу Шоқ теректің түбінде Қозыкені құшақтап отырып, жасағаннан оны аз күнге тірілуін сұрайды. Тілегі

қабыл болады. Бір вариантта Қозыке үш күнге тіріліп, жарық дүние көреді. Баян да армансыз құшып, сүйіп қызығына батады.

Үш күндік Қозыкені жан тербеткен,

Армансыз үш күн, үш түн дәурен өткен.

Бұл жердегі таңсық нәрсе — Қозы Қөрпештің өліп тірілуі, олардың жаңадан қызық өмірдің құшағына кіруі. Бұл сарынды М. П. Грязнов ерте замандағы геройлық жырдың ұлты мотиві, сның екі мың жылдан аса халыққа әсер еткен негізінде дейді. Алып ерді жаулары тірі қүнінде өлтіре алмай, оның тек ұйықтап жатқан кезін аңдыған. Мұны «Қозы Қөрпеш—Баян сұлу» жыры мен Алтай елі айтатын «Козин Эркеш» негізін бұлжытпай сақтап қалған. Бұл ескі заманың ұлты мотивін бергі дәуірдеге дейін алып келген бір ғана қазақ халқы мен Алтай елінің ссы эпос жыры.

Алтай елінің аңызы бойынша өліп жатқан алып ерді тірілту ой-сананың жойқын көрінісі болған. Алып ерді тірілту үшін сұлу қызы атқа мініп, Алтай тауын тегіс арапап, жан сүйін іздейді, алты теректің сүйін табады, Қаратаудың аршасынан жан сүйін алады, әкеліп, алып ерді тірілтеді. Қозғе ерекше түсетін бір ғажайып жағдай, қазақ жырында Қозы тірілгенде, Шоқ теректің түбінде Қозыке мен Баян мініп келген Қозы күрең мен бақа айғыр тұрады. Алтай жырында алып ер тірілгенде Шоқ теректің түбінде Байым Сур мен Бачигай Қараның екі аты тұрады. Бұлардың барлығы алтыннан құйылған «Шоқ терек» суретіне өте ұқсас. Демек «Қозы Қөрпеш—Баян сұлу» сюжеті сол алтын ілгек жасалған кезде туғанын білдіреді. (біздің зам. I—III ф. бұрын).

«Қозы Қөрпеш—Баян сұлу» жырын Алтай елінде айтылатын оның әрбір варианттарымен салыстырып көргендеге, көп ұқсастың бар екені мәлім болды. Мұны марқұм Ысқақ Әйисенбаев пен С. Каташ та көрсеткен.

Ескі дәуірдегі түрік-монгол халықтарының эпос жыры тек жырмен айтылып қоймай, ол алтыннан, қоладан, кү-

містен әдемі сурет болып құйылып, алып ердің жүртттан асқан бейнесі, мінезі, жан қүйі, ерлік ісі өсөрлі жасалынып отырған. Алтыннан, қоладан құйып, мұсін жасау — ерлік мотивін ардақтаудың бір түрі.

Бұл мұсіндердің ішінде ең ескісінің бірі — Қозы Көрпеш пен Баян сұлуға арналған ескі дәүірдегі сюжетті дастан кейіпкерлерінің мұсіні. Ол біздің заманымыздан екі мың жылдан аса бұрын шыққан. Сол кездегі көшпелі тайпалар ғұл жырды ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа айтып, біздің заманымызға дейін жеткізген. Бергі кезде ол, әрине, көп өзгеріске түсіп, кейде жаңа сюжеттер қосып алып отырған. Бірақ ол қалайда өзінің түбегейлі мазмұнын сол қалпында сақтады.

«Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының қай кезде шыққанын жақсылап айыратын белгінің бірі — оның күмбезі. Ғұл күмбез — өте ерте үақытта, исламнан көп бұрын, ғұн заманында, не түрік қағанаты кезінде тұрғызылған белгі. Оны күмбездің күншығыс жақ бетінде тұрған мұсін тастар дәлелдейді. Себебі тастан дәңгелек үй, мұнара жасау, ғүрік қағанаты кезінде ерекше орын алған. Қыпшақ пен оғыздар ондай дәңгелек, төбесінде күмбезі бар тас үйлерді «дың», «діңгек», «үй тас» деп атаған. Ол сөздер сол тарихи дәстүрді жалғастырып, олардың ұрпақтары қазақ пен түркмен тілінде жақсы сақталған. Дәңгелете салған «тас үйлер» бүтіндей жазды күні отыратын киіз үйге ұқсайды, асты дәңгелек, төбесінде биік еңсесі бар, сырты күмбезденіп, сәулет беріп тұрады. Қазақтың көп жырында айтылатын «еңсесі биік ақ ордам» осының архитектуралық композициясын жарқын түрде суреттейтін бір ашық үфім.

Тастан жасалған дәңгелек үйлердің архитектурасын ту баста жасап шығарған елдер: сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңылар. Түрік қағанаты кезінде ол бұрынғыдан гөрі көркейе түседі. Ғұл айтқан елдер жаз күні киіз үйде отырса, қысқа қарсы киіз үйге ұқсатып жасаған жылы үйде қысталды. Рум жазушыларының бақылауынша, «сақ-